

**Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын
реттеу және дамыту агенттігі**

Қазақстан Республикасының қаржы секторына шолу

2021 жылғы ақпан

Алматы, Қазақстан

Мазмұны

Қаржы нарығының негізгі оқиғалары	4
1. Банк секторы.....	5
2. Сақтандыру секторы	13
3. Бағалы қағаздар нарығы	17
4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау.....	23

Кестелердің тізімі

1.1-кесте. Банк секторының құрылымы	5
2.1-кесте. Сақтандыру секторының құрылымы	13
3.1-кесте. Ұжымдық инвестициялар нарығының құрылымы	19
3.2-кесте. Бағалы қағаздар нарығының құрылымы	20

Суреттердің тізімі

1.1-сурет. Банкердің активтері.....	5
1.2-сурет. Өтімділігі жоғары активтер.....	5
1.3-сурет. Банкердің міндеттемелері, капиталы	6
1.4-сурет. Банкер кірістілігінің көрсеткіштері.....	6
1.5- сурет. Экономикаға берілген кредиттер,	7
1.6- сурет. Экономикаға берілген кредиттер, валюталар бойынша, млрд теңге	7
1.7- сурет. Халықты кредиттеу.....	8
1.8-сурет. Халыққа тұтынушылық мақсаттарға және тұрғын үй сатып алуға және салуға берілген қарыздар	8
1.9-сурет. Теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер	8
1.10-сурет. Жұмыс істемейтін және мерзімі өткен қарыздар	10
1.11-сурет. Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттері	11
1.12-сурет. Теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлемелер.....	11
2.1-сурет. Сақтандыру ұйымдарының активтері Активы страховых организаций.....	13
2.2-сурет. Сақтандыру ұйымдары активтерінің құрылымы	13
2.3-сурет. Сақтандыру ұйымдарының резервтері және капиталы.....	14
2.4-сурет. Сақтандыру секторының кірісті.....	14
2.5-сурет. Сақтандыру сыйлықақыларының серпіні	15
2.6-сурет. Жасалған шарттар саны	15
2.7-сурет. Сақтандыру төлемдерінің серпіні	15
2.8-сурет. Сақтандыру төлемдерінің саны	15
2.9-сурет Сақтандыру сыйлықақылары/төлемдері.....	16
2.10-сурет. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар және қайта сақтандырушылардан өтеу .	16
3.1-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру	17
3.2-сурет. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі.....	17
3.3-сурет. Айналыстағы облигациялар	18
3.4-сурет. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі	18
3.5-сурет. Номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы	19
3.6-сурет. Мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі	19
3.7-сурет. Инвестициялық пай қорларының активтері	20
3.8-сурет. Инвестициялық пай қорлары активтерінің құрылымы.....	20
3.9-сурет. Нақтылы ұстаудың есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоттардың саны	21
3.10-сурет. Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері.....	21

3.11-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлер және инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымы	21
4.1-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерінің саны	23
4.2-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерінің құрылымы	23

Кірістірмелер тізімі

1-кірістірме. Open Finance	9
-----------------------------------------	----------

Қаржы нарығының негізгі оқиғалары

Ұлттық экономика министрлігінің жедел деректеріне сәйкес, 2021 жылғы ақпан айының қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ жылдық мәнде 2,9%-ға қысқарды (2021ж. қаңтарда: -4,5%). Нақты сектордың барлық салалары, тау-кен өнеркәсібін қоспағанда, тұрақты өсуді көрсетті.

Үкімет, ҚРҰБ және ҚНРДА макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, тәуекелдерді шектеу, экономиканы қолдау және оны ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімдеу мақсатында макроэкономикалық саясатты үйлестіру туралы келісім жасады.

Халықаралық рейтингтік агенттіктер Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингтерін пандемияға дейінгі инвестиция деңгейінде растады. Fitch Ratings агенттігі Қазақстанның кредиттік рейтингін «BBB» деңгейінде растады, болжам «тұрақты». Moody's - «Baa3», болжам «оң». S&P Қазақстанның рейтингін «BBB-/A-3» деңгейінде растады, болжам «тұрақты».

Қазақстанда іскерлік белсенділік индексі ақпан айында қаңтармен салыстырғанда 0,6 тармаққа өсіп, 49,0 тармақты құрады. Қызмет көрсету саласында индекс 49,2, өнеркәсіпте - 49,0, құрылыста - 47,4 деңгейінде қалыптасты (қаңтарда сәйкесінше 47,4, 49,4, 51,1).

«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ пруденциялық нормативтерді және (немесе) басқа да сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді жүйелі түрде (күнтізбелік он екі ай ішінде қатарынан үш және одан да көп рет) бұзғаны, қадағалау шараларын жүйелі түрде орындамағаны, Банктің ірі қатысушысының қосымша капиталдандыру жөніндегі уәкілетті органның талаптарын орындамағаны үшін бағалы қағаздар нарығында банктік және өзге де операциялар мен қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан айырылды.

1. Банк секторы


01.03.2021ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 25 екінші деңгейдегі банк бар, оның ішінде 15 банк шет елдің қатысуымен (банктердің жалпы санының 60,0%-ы), оның ішінде 12 еншілес банк.

1.1-кесте. Банк секторының құрылымы

	01.01.2020	01.01.2021	01.02.2021	01.03.2021
Барлық ЕДБ	27	26	26	25
Барлық ЕДБ филиалдары	301	293	294	284
Бейрезидент-банктердің ҚР-дағы барлық өкілдіктері	19	19	19	19
ЕДБ-нің шет елдегі барлық өкілдіктері	5	4	4	4

1.1. Банктердің қаржылық көрсеткіштері

2021 жылғы ақпан айында банк секторының активтері 696,5 млрд теңгеге немесе 31 995,4 млрд теңгеге дейін 2,2%-ға өсті. (1.1-сурет).




Банк секторы активтерінің құрылымында ең үлкен өсім «Бағалы қағаздар портфелі» 4,7%-ға (немесе 355 млрд теңгеге) және «Басқа банктерде орналастырылған депозиттер» 8,7%-ға (немесе 386 млрд теңгеге) баптары бойынша байқалады.


Екінші деңгейдегі банктердің өтімділік резерві шамамен 15 758 млрд теңгені немесе активтердің 49,3%-ын құрайды, оның 12 564 млрд теңгесі жоғары өтімді активтермен ұсынылған (1.2-сурет).

Ағымдағы жылдың есепті айында банк секторының жиынтық міндеттемелерінің мөлшері, негізінен клиенттер салымдарының 2,0%-ға (немесе 428,6 млрд теңгеге) ұлғаюы есебінен 2,4%-ға (645,6 млрд теңге) өсті (1.3-сурет).

1.3-сурет. Банктердің міндеттемелері, капиталы



1.4-сурет. Банктер кірістілігінің көрсеткіштері



2021 жылғы ақпанда бейрезиденттер алдындағы міндеттемелердің мөлшері 9,7%-ға ұлғайды және 1 123,9 млрд теңгені құрады. Бейрезиденттер алдындағы міндеттемелердің үлесі банк секторының жиынтық міндеттемелерінің 4,0%-ын құрады.

Банк секторы міндеттемелерінің құрылымы негізінен банктердің жиынтық міндеттемелерінің 79,2%-ын немесе 22 106,4 млрд теңгені құрайтын депозиттік портфельмен ұсынылған. Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар және басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар сияқты өзге де міндеттемелердің үлесі тиісінше 5,5% және 2,1% болды.

01.03.2021ж. жағдай бойынша банк секторының жеткілікті капитал қоры бар (1.3-сурет). Негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k_1) – 21,2% (ең төменгі деңгейде – 7,5%, жүйе құраушы банктер үшін – 9,5%), меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k_2) – 26,1% (ең төменгі деңгейде – 10%, жүйе құраушы банктер үшін – 12%), бұл жүйе бойынша орта есеппен заңнамада белгіленген нормативтерден едәуір асады.

2021 жылғы ақпанның қорытындысы бойынша банктердің таза пайдасы өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 29,2%-ға ұлғайып, 194,3 млрд теңгені құрады (2020 жылғы ақпанда – 150,5 млрд теңге).

Банк активтерінің рентабельділігі (ROA) есепті күнге 2,61% (01.03.2020ж. – 4,07%), капиталдың рентабельділігі (ROE) – 20,17% (01.03.2020ж. – 31,59%) (1.4-сурет).

1.2. Кредит нарығы¹


01.03.2021ж. жағдай бойынша банктердің кредиттеуінің жиынтық көлемі 2021 жылғы ақпанда 0,3%-ға азайып, 14 552,4 млрд теңгені құрады.

Заңды тұлғаларға кредиттердің көлемі 6 986,5 млрд теңгеге дейін 1,1%-ға азайды, шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2 557,8 млрд теңгеге дейін 0,7%-ға өсті.


2021 жылғы ақпанда жеке тұлғаларға кредиттер көлемі 7 565,9 млрд теңгеге дейін 0,5%-ға азайды(1.5-сурет).

¹ «Ақша-кредит және банк статистикасы» бөлімінің деректері бойынша ҚР Ұлттық Банкінің интернет-ресурсындағы «кредит нарығы» шағын бөлімі (<https://nationalbank.kz/ru/loans/kredity-bankov>)

1.5-сурет. Экономикаға берілген кредиттер, млрд теңге



1.6-сурет. Экономикаға берілген кредиттер, валюталар бойынша, млрд теңге



2021 жылғы ақпанда ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі айтарлықтай өзгерген жоқ – 12 762,2 млрд теңге (1.6-сурет). Олардың құрылымында заңды тұлғаларға кредиттер 0,7%-ға өсті, ал жеке тұлғаларға кредиттер 0,4%-ға азайды.

Шетел валютасындағы кредиттер көлемі 1 790,1 млрд теңгеге дейін 2,4%-ға төмендеді. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға кредиттер – 2,3%-ға, жеке тұлғаларға - 5,7%-ға төмендеді. 2021 жылғы ақпан айының соңында теңгемен кредиттердің үлес салмағы 87,7%-ды құрады (2021 жылғы қаңтарда – 87,4%).

Ұзақ мерзімді кредиттер көлемі 2021 жылғы ақпанда 12 426,4 млрд теңгеге дейін 0,7%-ға азайды, қысқа мерзімді кредиттер көлемі 2 126,0 млрд теңгеге дейін 1,9%-ға ұлғайды.


2021 жылғы ақпанда жаңадан берілген кредиттердің көлемі 2021 жылғы қаңтармен салыстырғанда 12,2%-ға ұлғайып, 1 271,3 млрд теңгені құрады.

Салалық бөліністе банктердің экономикаға кредиттерінің неғұрлым елеулі сомасы өнеркәсіп (жалпы көлемдегі үлесі – 13,5%), сауда (11,8%), құрылыс (4,2%) және көлік (3,2%) сияқты салаларға тиесілі.


Халыққа ипотекалық кредит беру көлемі 2021 жылғы ақпанда 3,6%-ға азайды және 01.03.2021 жылғы жағдай бойынша 2 325,9 млрд теңгені құрады (1.7-сурет).

Азаматтардың тұтынушылық мақсаттарына берілген кредиттер бір айда 0,7%-ға өсті және 01.01.2021ж. жағдай бойынша олардың көлемі 4 463,9 млрд теңгеге жетті (1.7-сурет). 2021 жылдың басынан бастап тұтынушылық қарыздар портфелі 1,7%-ға өсті.

**1.7-сурет. Халықты кредиттеу,
млрд теңге**



1.8-сурет. Халыққа тұтынушылық мақсаттарға және тұрғын үй сатып алуға және салуға берілген қарыздар, млрд теңге




2021 жылғы қаңтар-ақпанда банктер халыққа тұтынушылық мақсатқа 731,6 млрд теңге қарыз берді, бұл 2020 жылғы қаңтар-ақпанда 2,1%-ға көп.

Халыққа тұрғын үй басып алуға және салуға берілген кредиттердің көлемі 2021 жылғы қаңтар-ақпанда 2020 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 64,7%-ға ұлғайып, 176,9 млрд теңге болды (1.8-сурет).

2021 жылғы ақпанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 11,5% (2021 жылғы қаңтарда – 11,5%), жеке тұлғалар – 18,2% (2021 жылғы қаңтарда – 18,5%) болды (1.9-сурет).

1.9-сурет. Теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер, %



1-кірістірме. Open Finance

Дағдарыстан кейінгі кезеңде банк ісінде бизнес жүргізу барысы қарқынмен өзгерді. 2008 жылдан кейін жетекші елдердің банктері экономикалық өсуді ынталандыру мақсатында ақша-кредит саясатын жұмсартуға көшті, мөлшерлемелер рекордтық төмен деңгейге дейін төмендетілді. Осы уақытта реттеудегі жай-күйлерді ырықтандыру аясында пайда болған жүйедегі теңгерімсіздіктер мен тәуекелдерді жою үшін банктердің капиталы мен өтімділігі бойынша реттеуші талаптар қатаңдатылды. Аталған міндеттемелер банктер маржасына айтарлықтай қысым көрсетті және мысалы еуропалық банктер 2008 жылдан бастап меншік капиталының құнынан төмен пайда алды. Бөлшек банктер инновациялық қаржы компаниялары (FinTech) тарапынан үдемелі бәсекелестікке ұшырады, олар бөлшек банк қызметтерінің қосылған құн тізбесіндегі жай-күйлерге өздерінің назарын шоғырландырды. Алайда, банк секторындағы FinTech компанияларының қарқынды экспансиясы бәсекелестік емес, синергия нысанына ауысты. Аталған кооперацияда оң сәттердің басым болуы түрлі елдердің реттеушілері мен заң шығарушыларын бұдан әрі осы бағытта дамытуға әкеледі. Секторды дамытудағы жаңа үрдістер, технологиялар және реттеу банктердің ғана емес, сол сияқты қаржы нарығының барлық қатысушыларының бизнес-моделін түпкілікті өзгерте алады.

Көптеген елдердегі реттеуші органдар банк клиенттерінің деректерін үшінші тараптарға ашу есебінен бәсекелестікті күшейтуге және инновациялар енгізуді ынталандыруға тырысады. Бұл бағыттағы бірінші реттеу қадамдарының бірі 2015 жылы қабылданған және төлем қызметтерін реттейтін PSD2 еуропалық комиссияның директивасы болды. Осы директиваны имплементациялау 2019 жылғы қыркүйекте басталды. Директиваның мақсаты электрондық төлемдер нарығын дамытуды және қауіпсіз транзакцияларды жасауға арналған қолайлы талаптар жасауды білдіреді. Директива еуропалық банктерді төлем қызметтерін ұсынатын басқа фирмалардың олардың келісуімен клиенттер интернет-банкингтегі клиенттердің төлем шоттарына қолжетімділікті қамтамасыз етуді міндеттейді. Директива ерекше мәні бар екі негізгі элементтен тұрады – клиенттерді қатаң идентификациялау (SCA) және екі реттелетін төлем жеткізушілердің пайда болуы (төлемдерге бастамашы болу қызметтерін жеткізушілер және есептік жазба туралы ақпарат жеткізушілер). Ортасында SCA – екі факторлы аутентификация демек клиент растайтын ақпараттың әр түрлі екі түрін ұсынуға тиіс. Бұл ол ие болған (мысалы, мобильдік телефон), ол білетін (пин-код немесе құпия сөз), немесе онда бар нәрсе (саусақ бедері/бетті идентификациялау) болуы мүмкін.

Британдық реттеу органдары Ұлыбританияда банк деректерін ашу тұтынушыларға қандай пайда әкелетіндігін және осы артықшылықтарды барынша жақсы іске асыруға болатындығын зерделеу үшін өздерінің зерттеуін жүргізді. Бәсекелестік артықшылықтарын сақтау және инновацияларды ынталандыру мақсатында Ұлыбританияда Ашық банкинг бастамасы (Open Banking initiative) қабылданды. Бастаманың айрықша белгісі ол PSD2 қарағанда, бірыңғай API пайдалануды қажет етеді. Алайда Ашық банкингтің бастамасын Ұлыбританияның тоғыз ірі банкі ғана қолданады, мұнда басқа банктер PSD2 қағидаларын басшылыққа алады.


Open Banking кейін келесі логикалық тұрғыдан қадам Open Finance болуға тиіс. Британдық Қаржылық жай-күй басқармасы (FCA) және Еуропалық комиссия тиісті заңнаманы әзірлеуге қатар кірісті. Бұл шаралар барлық қаржылық экожүйені сәйкестендіру үшін қажет. Клиент келісім берген кезде ипотека, жинақтар, зейнетақы жинақтары сияқты қаржылық деректер, сақтандыру және тұтынушылық кредиттер – барлық қаржылық іздер – сенімді тараптық API үшін ашық болуы мүмкін. Түпкілікті ұсыныстар 2022 жылы әзірленеді деп күтіледі.

Covid-19 пандемиясы қаржылық қызметтердің цифрлық трансформациясын батыл түрде жеделдетті. Қаржылық қызметтерді цифрландыру клиенттер үшін қызмет көрсету және инновациялардың сапасын жақсартуға ғана емес, сондай-ақ тәуекелдерге жауап береді. Әдетте, банк секторында бәсекелестіктің артуы банктер маржасының төмендеуіне әкелетіндіктен, барлық жүйенің тұрақтылығының төмендеуіне әкеледі деп саналады, бұл өз кезегінде банктердің басшылығын және акционерлерді барынша тәуекелді шешімдерге апарады, банктердің капиталына қысым жасалады. Осыған байланысты дүниежүзіндегі барлық реттеушілердің алдында бәсекелестік пен жүйенің тұрақтылығы арасындағы балансты іздеу бойынша күрделі міндет тұр. Қажы жүйесі архитектурасының және бизнес жүргізу моделінің өзгеруі реттеудегі жаңа тәсілдерді әзірлеуді қажет етеді. Қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін жақсарту үшін Қазақстан әлемдік үрдістерді басшылыққа алуға және қаржы секторындағы инновацияларға ықпал етуге тиіс. Қазіргі уақытта Қаржы секторын 2030 жылға дейін дамытудың тұжырымдамасы әзірленуде. Дамудың негізгі стратегиялық басымдықтарының ішінде инновацияларды ынталандыру, бәсекелестікті және инклюзивтікті арттыру айқындалды, бұл әлемдік қаржы нарығындағы ауқымды үрдістерге толық сәйкес келеді.

Кредиттік портфельдің сапасы, провизиялар²

2021 жылғы ақпанда 90 күннен аса мерзімі өткен берешегі бар кредиттердің кредиттік портфельдің жалпы көлеміндегі үлесі 6,99%-дан 6,92%-ға дейін (1 091,0 млрд теңгеден 1 064,3 млрд теңгеге дейін) төмендеді, жеке тұлғалардың қарыздар портфелінде 90 күннен аса мерзімі өткен берешегі бар қарыздар деңгейі 5,4%, ШОБ портфелінде – 11,1%, заңды тұлғалардың портфелінде – 5,5%) болды (1.10-сурет).

1.10-сурет. Жұмыс істемейтін және мерзімі өткен қарыздар



01.03.2021ж. жағдай бойынша банктердің несие портфелінің жалпы көлеміндегі мерзімі өткен қарыздардың үлесі 11,3% (1 733,3 млрд теңге) болды (1.10-сурет).

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттерді провизиялармен өтеу деңгейі 79,4% болды. Жеке тұлғалардың 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттерін провизиялармен өтеу 69,7%, заңды тұлғалар – 102,3%, ШОБ – 77,2% болды.


1.3. Депозит нарығы³

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің көлемі 01.03.2021ж. жағдай бойынша 2021 жылғы ақпанда 0,6%-ға азайып, 22 547,2 млрд теңге болды. Заңды тұлғалардың депозиттері 11 358,6 млрд теңгеге дейін 4,9%-ға азайды, жеке тұлғалардың депозиттері 11 188,5 млрд теңгеге дейін 4,3%-ға ұлғайды (1.11-сурет).


² ЕДБ-нің реттеушілік есептілігіне сәйкес

³ Ұлттық Банктің сайтында «Монетарлық статистика» бөлімінде берілген «Депозиттік ұйымдардағы депозиттер» кестесінің негізінде (<https://nationalbank.kz/ru/depositoryorganizationsdeposits/depozity-v-depozitnyh-organizaciyah->)

1.11-сурет. Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттері, млрд теңге



1.12-сурет. Теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлемелер, %



Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 2021 жылғы ақпанда 0,8%-ға ұлғайды және 01.03.2021ж. жағдай бойынша 14 390,7 млрд теңге болды, шетел валютасымен 8 156,5 млрд теңгеге дейін 3,0%-ға азайды. Нәтижесінде долларландыру деңгейі 01.02.2021ж. 36,2% (01.02.2020ж. – 37,1%) болды.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері 2021 жылғы ақпанда 7 304,3 млрд теңгеге дейін 5,4%-ға азайды, шетел валютасымен – 4 054,3 млрд теңгеге дейін 4,0%-ға азайды, бұл заңды тұлғалар депозиттерінің 35,7%-ын құрайды. Жеке тұлғалардың теңгемен депозиттері 7 086,4 млрд теңгеге дейін 8,2%-ға ұлғайды, шетел валютасымен 4 102,2 млрд теңгеге дейін 1,9%-ға азайды немесе бұл жеке тұлғалардың депозиттерінің 36,7%-ын құрайды.

Мерзімді депозиттер көлемі 2021 жылғы ақпанда 1,4%-ға азайып, 15 625,9 млрд теңге болды. Олардың құрылымында ұлттық валютадағы салымдар 9 845,2 млрд теңге, шетел валютасымен – 5 780,7 млрд теңге болды.

Банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 7,2% (2021 жылғы қаңтарда – 7,2%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,9% (2021 жылғы қаңтарда – 9,4%) болды (1.12-сурет).

1.4. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2021 жылғы ақпанда екінші деңгейдегі банктерге қатысты анықталған бұзушылықтардың қорытындылары бойынша 5 қадағалап ден қою шарасы, оның ішінде 1 - жазбаша ұйғарым, 4 - ұсынымдық сипаттағы шаралар қолданылды. Әкімшілік өндіріп алу шарасы қолданылмады.

Екінші деңгейдегі банктерге қатысты қадағалап ден қою шараларын қолдануға әкеп соққан негізгі бұзушылықтар жүргізілген төлемдер мен аударымдар бойынша жалған есептілік беру, AQR жоспарының жекелеген тармақтарын толық емес және сапасыз орындау, AQR іс-шаралар жоспарын іске асыру мәселелері бойынша банктің қызметіндегі анықталған кемшіліктер, заңды тұлғалардың 10 млн теңгеден астам сомаға банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу тәртібін сақтамауы, пруденциялық нормативтерді бұзу болып табылады.

Бұдан басқа, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ пруденциялық нормативтерді және (немесе) басқа да сақталуы міндетті нормалар мен лимиттерді жүйелі түрде (күнтізбелік он екі ай қатарынан үш және одан көп рет) бұзғаны, қадағалап ден қою шараларын жүйелі түрде орындамағаны (күнтізбелік он екі ай қатарынан үш және одан көп рет), Банктің ірі

қатысушысының уәкілетті органның қосымша капиталдандыру жөніндегі талаптарын орындамағаны үшін банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге арналған лицензиядан айырылды.

1.5. Рұқсат беру қызметі

2021 жылғы ақпанда Агенттік екінші деңгейдегі банктердің 14 басшы қызметкеріне келісім берді, банк және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға банкке 1 лицензия және банктік операциялардың жекелеген түрлерін, банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымға 1 лицензия қайта ресімделді.

2. Сақтандыру секторы

01.03.2021ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру секторында 28 сақтандыру ұйымы бар, оның ішінде 9 – өмірді сақтандыру бойынша (2.1-кесте).


2.1-кесте. Сақтандыру секторының құрылымы

	01.01.2020	01.01.2021	01.02.2021	01.03.2021
Барлық сақтандыру ұйымдары	28	28	28	28
- жалпы сақтандыру бойынша	20	19	19	19
- өмірді сақтандыру бойынша	8	9	9	9
Сақтандыру брокерлері	13	12	12	12
Актуарийлер	57	58	58	58


2.1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық көрсеткіштері

2021 жылғы ақпанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтері 2,4%-ға ұлғайды және 01.03.2021ж. жағдай бойынша 1 586 млрд теңге немесе ІЖӨ-нен 2,25% болды (2.1-сурет). Ұлғаю сату үшін қолда бар және өтеуге дейін ұсталатын әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар көлемінің ұлғаюы есебінен қол жеткізілді.

2.1-сурет. Сақтандыру ұйымдарының активтері



2.2-сурет. Сақтандыру ұйымдары активтерінің құрылымы



Активтер құрылымында ең көп үлеске (жиынтық активтердің 69,4%) бағалы қағаздар ие болды – 1 101 млрд теңге, олар 2021 жылғы ақпанда 6,2%-ға ұлғайды (2.2-сурет).

Екінші деңгейдегі банктерге орналастырылған салымдар 2021 жылғы ақпанда 1,2%-ға азайып, 185 млрд теңге (жиынтық активтерден 11,7%) болды.


01.03.2021ж. жағдай бойынша қайта сақтандыру активтері 2021 жылғы ақпанда 6,3%-ға ұлғайып, 81 млрд теңге (жиынтық активтерден 5,1%) болды. Негізгі ұлғаю қайта сақтандыру активтері бойынша еңбек сіңірілмеген сыйақылар бойынша белгіленді, бұл жаңа қайта сақтандыру шарттарын жасауға байланысты болды.

Сақтандыру дебиторлық берешек 2021 жылғы ақпанда 0,6%-ға ұлғайып, 77 млрд теңгені (жиынтық активтердің 4,9-ы) құрады.


Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері 2021 жылғы ақпанда 4,4%-ға ұлғайды және 01.03.2021ж. жағдай бойынша 904 млрд теңгені құрады. Міндеттемелердің артуы жаңа сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты сақтандыру резервтерінің ұлғаюы және «РЕПО» операциялары көлемдерінің өсуі есебінен болды.

Міндеттемелер құрылымындағы ең үлкен үлес (жиынтық міндеттемелердің 83%-ы) 749 млрд теңге сомада сақтандыру резервтеріне тиесілі. 2021 жылғы ақпанда сақтандыру резервтері негізінен еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві және аннуитет шарттары бойынша орын алмаған зияндар резерві есебінен 2,9%-ға ұлғайды (2.3-сурет).

2.3-сурет. Сақтандыру ұйымдарының резервтері және капиталы



2.4-сурет. Сақтандыру секторының кірістілігі



Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікті капиталы 2021 жылғы ақпанда 0,1%-ға азайып, 01.03.2021ж. жағдай бойынша 681 млрд теңгені құрады (2.3-сурет).

Сақтандыру секторының, негізінен, сақтандыру қызметінен түскен кірістер есебінен алынған таза пайдасы 2021 жылғы ақпанда 2,1 млрд теңгені құрады (2.4-сурет).

2.2. Сақтандыру сыйлықақылары, төлемдері


01.03.2021 ж. жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 136,7 млрд теңгені құрады, 2020 жылғы қаңтар-ақпан бойынша 20,1%-ға артық (2.9-сурет), ал тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 124,4 млрд теңгені құрайды (2.5-сурет).

Міндетті сақтандыру бойынша негізінен, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары жиынының ұлғаюы байқалады.


01.03.2021 жылғы жағдай бойынша ерікті жеке сақтандыру бойынша өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының, атап айтқанда, аннуитеттік сақтандыру және жазатайым жағдайда сақтандыру шарттары бойынша өсуі байқалады.

Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, атап айтқанда мүлікті залалдан сақтандыру шарттары бойынша ұлғайды.

2.5-сурет. Сақтандыру сыйлықақыларының серпіні




2.6-сурет. Жасалған шарттар саны




2021 жылғы қаңтар-ақпанда жеке және заңды тұлғалар бойынша жасалған сақтандыру шарттарының саны 1 391 386 шартты құрады, бұл 2020 жылғы қаңтар-ақпанда 9,9%-ға аз (2.6-сурет).

2021 жылғы қаңтар-ақпанда 17,3 млрд теңге сомаға 107 614 төлем жүзеге асырылды, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 50,7%-ға аз (2.7, 2.8 және 2.9-суреттер).

2.7-сурет. Сақтандыру төлемдерінің серпіні,



2.8-сурет. Сақтандыру төлемдерінің саны




Міндетті сақтандыру бойынша 2021 жылғы қаңтар-ақпанда өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, негізінен, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша және қызметкерді оларды еңбек (қызметтік) міндеттемелерін орындау кезіндегі жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстардың айтарлықтай ұлғаюы байқалады.


Ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстардың, негізінен, зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша ұлғаюы байқалады.

Ерікті мүлктік сақтандыру бойынша өзге қаржылық залалдан сақтандыру сыныбы есебінен негізінен сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстардың едәуір азаюы байқалады.

2.9-сурет. Сақтандыру сыйлықақылары/төлемдері



2.10-сурет. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар және қайта сақтандырушылардан өтеу



2.3. Қайта сақтандыру статистикасы

2021 жылғы қаңтар-ақпанда қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 29,4 млрд теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 21,5%-ын құрады (2.10-сурет). Сақтандыру сыйлықақыларының негізгі бөлігі - 90,5% немесе 26,6 млрд теңге Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға, оның ішінде негізгі көлемі – Ұлыбританияның Біріккен Корольдігіне және Швейцарияға берілді.

2021 жылғы қаңтар-ақпанда қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 14,4 млрд теңгені құрайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінен қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 12,4 млрд теңгені құрайды.

Қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойынша шығыстарды өтеу 2021 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 0,7 млрд теңгені немесе осы кезеңде жиынтық сақтандыру төлемдерінің 4,0% -ын құрады.

2.4. Қолданылған қадағалап ден қою шаралары және санкциялар

2021 жылғы ақпанда сақтандыру нарығының субъектілеріне қатысты сақтандыру ұйымдарына қатысты ұсынымдар түріндегі 3 қадағалап ден қою шарасы қолданылды.

2.5. Рұқсат беру қызметі

2021 жылғы ақпанда Агенттік сақтандыру ұйымдарының 3 басшы қызметкерін сайлауға (тағайындауға) келісім берді.


3. Бағалы қағаздар нарығы

3.1. Акциялар нарығы


01.03.2021ж. жағдай бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 2021 жылғы ақпанда 5,2%-ға немесе 1,0 трлн теңгеге ұлғайып 20,8 трлн теңге құрады (3.1-сурет).

2021 жылғы ақпанда акциялармен сауда-саттық көлемі 2021 жылғы қаңтармен салыстырғанда 34,9%-ға немесе 7,1 млрд теңгеге азайып, 13,3 млрд теңгені құрады (3.2-сурет).

3.1-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру



3.2-сурет. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі



01.03.2021ж. «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (бұдан әрі – KASE) сауда-саттық тізімдерінде 123 эмитенттің 139 акциялары болды, олардың ішінде 3 шығарылым листингтік емес бағалы қағаздар секторында айналысқа жіберілді.


Есепті кезеңде KASE ресми тізімінен эмитенттің бастамасы бойынша «Fincraft Capital» АҚ акциялары шығарылды, сондай-ақ «Жалтырбұлақ» АҚ жай акциялары енгізілді.

2021 жылдың ақпанда KASE индексі 5,6%-ға 2 957,76 тармаққа дейін өсті. Баға белгілеудің ең көп ұлғаюы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (+23,9%), KAZ Minerals PLC (+17,1%), «Қазақтелеком» АҚ (+3,8%) акциялары бойынша болды.


3.2. Облигациялар нарығы

KASE-де саудаланатын корпоративтік борыштың көлемі 2021 жылғы ақпанда 0,8%-ға немесе 110 млрд теңгеге азайып, 14,4 трлн теңге болды (3.3-сурет).

3.3-сурет. Айналыстағы облигациялар



3.4-сурет. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі



01.03.2021ж. KASE сауда-саттық тізімінде 70 эмитенттің шығарған 275 корпоративтік облигациялары болды. 2021 жылдың ақпан айында KASE ресми тізімінен облигациялардың 4 шығарылымы: «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ екі шығарылымы және олардың жойылуына байланысты «Амангелді Газ» ЖШС шығарылымы, оларды мерзімінен бұрын өтеуге байланысты «Исткомтранс» ЖШС халықаралық облигацияларының шығарылымы шығарылды.

KASE-де корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі өткен аймен салыстырғанда 31,8% - ға немесе 74,7 млрд теңгеге төмендеп, 160,1 млрд теңгені құрады (3.4-сурет).

2021 жылғы ақпанда жалпы сомасы 82,2 млрд теңгеге облигациялардың 6 шығарылымы орналастырылды, оның 99,5%-ы квазимемлекеттік сектор компанияларына тиесілі.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлігінде ЕДБ-нің үлесі 7,7%-ды, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 1,0%-ды, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 86,3%-ды, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 3,9%-ды, жеке тұлғалардың үлесі – 1,2%-ды құрады.

3.3. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы


KASE-де сатылатын номинал бойынша мемлекеттік борыш ақпан айында 3,1%-ға немесе 541,6 млрд теңгеге ұлғайып, 01.03.2021ж. 17,9 трлн теңгені құрады (3.5-сурет).

2021 жылғы ақпан айының қорытындысы бойынша KASE-де мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі бір айда 12,7%-ға немесе 43,4 млрд теңгеге азайып, 299,0 млрд теңгені құрады (3.6-сурет).


2021 жылғы ақпанда мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін орналастыру есебінен 238,5 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары тұрғысынан мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығында екінші деңгейдегі банктердің үлесіне 49,4%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 3,2%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 33,3% тиесілі болды, өзге заңды тұлғалардың үлесі 13,7%-ды, жеке тұлғалардың үлесі 0,3%-ды құрады. Бейрезиденттердің қатысуы 0,5%-ға бағаланады.

3.5-сурет. Номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы



3.6-сурет. Мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі



3.4. Ұжымдық инвестициялар нарығы

01.03.2021ж. жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында 35 инвестициялық пай қоры жұмыс істеді, оның ішінде 20 аралық, 14 жабық және 1 ашық. 2021 жылғы ақпан айының ішінде инвестициялық қорлардың саны өзгерген жоқ (3.1-кесте).

3.1-кесте. Ұжымдық инвестициялар нарығының құрылымы

	01.01.2020	01.01.2021	01.03.21
Инвестициялық қорлар	58	55	55
Пай қорлары, оның ішінде	39	35	35
ИАПҚ, АИПҚ	24	21	21
ТИЖИПҚ	15	14	14
Акционерлік қорлар, оның ішінде	19	20	20
Тәуекелді	8	8	8


Ұжымдық инвестициялар нарығында басқарудағы активтердің жиынтық көлемі 2021 жылғы ақпанның соңында 271,9 млрд теңгені құрады және өткен аймен салыстырғанда 35,3 млрд теңгеге немесе 15%-ға ұлғайды. Бұл ұлғаю, ең алдымен, инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамындағы бағалы қағаздарды оң қайта бағалау есебінен болды (3.7-сурет).

2021 жылғы ақпанның соңында инвестициялық пай қорларының негізгі активі бұрынғыдай бағалы қағаздар портфелі болып қалуда (жиынтық активтердің 92%-ы), бұл ретте портфельдің 99%-ы шетел валютасында көрсетілген бағалы қағаздардан тұрады.


01.03.2021ж. жағдай бойынша пайлық инвестициялық қорлар портфеліндегі бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздары 225 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 83%-ын, ҚР бейрезидент-эмитенттерінің бағалы қағаздары - 11,3 млрд теңгені немесе негізінен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Банк ЦентрКредит» АҚ еурооблигацияларымен ұсынылған жиынтық активтердің 4%-ын (3.8-сурет) құрады. Сондай-ақ активтердің құрамында 7,5 млрд теңге немесе жиынтық активтердің 3%-ы мөлшерінде шетелдік инвестициялық қорлардың пайлары бар (3.8-сурет).

Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты 01.03.2021 жағдай бойынша 17,2 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 6%-ын құрады.

3.7-сурет. Инвестициялық пай қорларының активтері



3.8-сурет. Инвестициялық пай қорлары активтерінің құрылымы



01.03.2021 ж. жағдай бойынша пайларды ұстаушылардың саны 1 659 жеке тұлғаны және 47 заңды тұлғаны құрады, олардың 53%-ын валюталық инвестициялық қорлардың пайларын ұстаушылар құрайды. Өткен аймен салыстырғанда пай ұстаушылар саны 178-ге (176 жеке тұлға және 2 заңды тұлға) артты.

3.5. Бағалы қағаздар нарығының институционалдық құрылымы

01.03.2021 ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын 37 брокер және (немесе) дилер (17 банк және 20 банктік емес ұйым), 9 кастодиан банк, 19 инвестициялық портфельді басқарушы, 2 трансфер-агент, сондай-ақ бірыңғай тіркеуші және сауда репозиторийі функцияларын орындайтын 2 инфрақұрылымдық ұйым: «Қазақстан қор биржасы» АҚ және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ұсынды (3.2-кесте).

Бұдан басқа, «Қазақстан қор биржасы» АҚ базасында орталық контрагент жұмыс істейді.

01.02.2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда «AsiaCredit Bank» АҚ-тың банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге арналған лицензиядан айырылуына байланысты бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялар саны 70-ке дейін азайды. 2021 жылғы ақпанда «YURTA» ИҚҰ» АҚ атауының өзгеруіне байланысты «RESMI» ИҚҰ» АҚ бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия қайта ресімделді. Сондай-ақ, «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» АҚ-қа банк операцияларын жүргізуге лицензия берілді.


3.2-кесте. Бағалы қағаздар нарығының құрылымы

	01.01.20	01.01.21	01.02.21	01.03.21
Барлығы брокер-дилерлер, оның ішінде:	39	38	38	37
банктер	19	18	18	17
оның ішінде I санат	15	15	15	14
банктік емес ұйымдар	20	20	20	20
оның ішінде I санат	20	20	20	20
Кастодиандар	9	9	9	9
Инвестициялық портфельді басқарушылар	20	19	19	19

Трансфер-агенттер	2	2	2	2
Бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушы	1	1	1	1
БҚН-да қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызмет	1	1	1	1
Бағалы қағаздар орталық депозитарийі	1	1	1	1
Жиынтығы	73	71	71	70

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде депоненттер клиенттерінің 144 460 қосалқы шоттары ашылды (3.9-сурет), оның ішінде 120 700 (83,6%) қосалқы шот үш депонент: «Фридом Финанс» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «CAIFC INVESTMENT GROUP» АҚ клиенттеріне тиесілі. 2021 жылғы ақпанда қосалқы шоттардың саны негізінен 1 депоненттің клиенттік базасының ұлғаюы есебінен 4 008-ге (2,9%-ға) ұлғайды.

3.9-сурет. Нақтылы ұстаудың есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоттардың саны





3.6. Брокерлер және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері⁴

01.03.2021ж. брокерлер және (немесе) дилерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылардың жиынтық активтері 01.02.2021 ж. көрсеткішпен салыстырғанда 2%-ға ұлғайып, 415,1 млрд теңгені (3.10-сурет) құрады. 01.03.2021 ж. жағдай бойынша брокерлер және (немесе) дилерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымында негізгі үлесті 274,7 млрд теңге немесе жиынтық активтердің 66,2%-ы мөлшерінде бағалы қағаздар алады (3.11-сурет). 01.02.2021 жылмен салыстырғанда бағалы қағаздар портфелі 10 млрд теңгеге немесе 3,8%-ға ұлғайды.

3.10-сурет. Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері, млрд теңге

3.11-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлер және инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымы

⁴ ЕДБ есепке алмағанда, қаржылық көрсеткіштер бойынша ақпарат



Міндеттемелердің жиынтық көлемі бағалы қағаздар нарығының жекелеген кәсіби қатысушыларының «РЕПО» операцияларын ашуы нәтижесінде өткен аймен салыстырғанда 8,2%-ға ұлғайып, 116,8 млрд теңгені құрады (3.10-сурет).

Брокерлер және (немесе) дилерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылардың меншікті капиталы бір айда 0,2%-ға азайып, 298,3 млрд теңгені құрады (4.10-сурет).

3.7. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2021 жылғы ақпанда бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты 875 100 теңге сомасында 2 әкімшілік жаза қолданылды. Есепті кезеңде кәсіби қатысушыларға қатысты қадағалау ден қою шаралары қолданылған жоқ.

Бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты 2021 жылғы ақпанда 24 шектеулі ықпал ету шаралары (17 жазбаша ескерту және 7 жазбаша ұйғарым) қолданылды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 7 хаттама жасалды және 291 700 теңге сомаға 2 әкімшілік жаза қолданылды.

Бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты шектеулі ықпал ету шараларын және санкциялар қолдануға әкеп соққан негізгі бұзушылықтар өз қызметі туралы ақпаратты ашуды реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамау болып табылды.

3.8. Рұқсат беру қызметі


2021 жылғы ақпанда Агенттік бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың 2 басшы қызметкерін келісті.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау


4.1. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін талдау

2021 жылғы ақпанда Агенттіктің тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелеріндегі қызметі негізінен қарыз алушылардың борыш жүктемесін азайту бойынша жәрдем ету және шаралар қабылдауға, оның ішінде Бағдарлама шеңберінде жәрдем көрсету, сондай-ақ біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану тәртібі туралы өтініштерін қарауға байланысты болды.

4.1-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерінің саны



4.2-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерінің құрылымы



2021 жылғы ақпанда Агенттік жеке және заңды тұлғалардың қаржы ұйымдарының, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ коллекторлық агенттіктердің қызметімен байланысты 1 868 өтінішін қарады (6.1-сурет), бұл өткен есепті кезеңмен салыстырғанда 28%-ға (немесе 525 өтінішке) көп.

Өтініштердің ең көп үлесі банк секторына (банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға) тиесілі, ол өтініштердің жалпы санының 70%-ын құрайды (6.2-сурет). Қаржы нарығының секторлары бойынша үлес былайша бөлінген: микроқаржылық қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдардың қызмет мәселелері бойынша – 10.2%, сақтандыру нарығы субъектілері – 1.6%, бағалы қағаздар нарығы субъектілері – 1% және коллекторлық агенттіктер – 4%, сондай-ақ қаралған өтініштердің жалпы санының 28% – өзге де ұйымдар бойынша.

Есепті кезеңде өтініштердің өзекті мәселелері мыналар болды:

1) банк секторында:

- қарызды қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру (оның ішінде Бағдарлама талаптары бойынша) және берешекті кешіру;
- екінші деңгейдегі банктердің өндіріп алуды басқа банктердегі ақшаға акцептсіз тәртіппен ақшаға айналдыруы;
- банктік сектор бойынша нормативтік құқықтық актілер нормаларын түсіндіру;
- банктік қарыз шарты талаптарының ҚР заңнамасы талаптарына сәйкес келуін тексеру.

2) сақтандыру секторында:

- сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмау;
- сақтандыру шарты талаптарының ҚР заңнамасы талаптарына сәйкес келуін тексеру.

3) микроқаржылық секторда:

- микроқаржылық қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру;
 - микроқаржы ұйымының қызметіне тексеру жүргізу;
 - микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту.
- 4) коллекторлық агенттіктер қызметі бойынша – коллекторлық агенттіктер қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері.

4.2. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2021 жылғы ақпанда екінші деңгейдегі банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және кредиттік бюроның әрекеттерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының анықталған бұзушылықтары бойынша Агенттік 15 қадағалап ден қою ұсынымдық шарасын, 3 жазбаша ұйғарым қолданды және жалпы сомасы 2 839,7 мың теңгеге 11 әкімшілік айыппұл салды, оның ішінде мыналарға қатысты:

- 1) екінші деңгейдегі банктер – 13 қадағалап ден қою ұсынымдық шарасы, жалпы сомасы 2 037,5 мың теңгеге 4 әкімшілік айыппұл;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар - 1 қадағалап ден қою ұсынымдық шарасы;
- 3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары – 1 қадағалап ден қою ұсынымдық шарасы;
- 4) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар – 2 жазбаша ұйғарым, 364,6 мың теңгеге 5 әкімшілік айыппұл;
- 5) коллекторлық агенттік – 1 жазбаша ұйғарым, 437,6 мың теңге сомасына әкімшілік айыппұл.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын негізгі бұзушылықтар:

- кредиттік есепті алушының кредиттік есепті беру туралы сұратуына кредиттік тарих субъектісінің келісімінсіз кредиттік есепті беру, банктік қарыздарға тиісінше қызмет көрсетпеу, лицензия беру нөмірі және лицензия берген органның атауы туралы мәліметтерді банктік қызметтер туралы жарнамада дұрыс көрсетпеу, қарыздар бойынша негізгі борыш пен сыйақы сомаларын төлеуді тоқтата тұру тәртібінің талаптарын бұзу, Банктің ішкі қағидаларды, рәсімдерді, процестерді сақтамауы;
- шот шартының талаптарына сәйкес келмейтін нысаналы мақсаты бар шоттар ашу, сондай-ақ белгіленген нысан бойынша емес өтініштерді қабылдау;
- сақтандыру омбудсманьна өтініштерді уақтылы жібермеу, сондай-ақ өтініштерге дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, жауап бермеу;
- уәкілетті органға микрокредиттер беру жөніндегі қызметтерді бекіту туралы хабарлама жібермей, микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібінің талаптарын бұзбай іс-әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру ;
- коллекторлық агенттік өзара іс-қимыл жасасатын тұлға кіретін, жосықсыз іс-әрекеттерді жүзеге асыру, берешектің туындау негіздеріне қатысты жаңылыстыру, уәкілетті органға коллекторлық қызмет туралы анық емес ақпарат беру.

4.3. Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы

Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыруды 18 банк және 3 ипотекалық ұйым жүзеге асырады

2004-2009 жылдар аралығындағы кезеңде ипотекалық қарыз алған қарыз алушылардың жалғыз баспанасын сақтап қалуға бағытталған Бағдарламаның бірінші бөлігі шеңберінде банктер 01.03.2021ж. қайта қаржыландыру бойынша 182,8 млрд теңге сомаға 228 949 өтінім мақұлдады, 170,2 млрд теңге сомаға 27 952 қарыз қайта қаржыландырылды, оның ішінде 2020 жылдан бастап 11,9 млрд теңге сомаға 1 302 қарыз қайта қаржыландырылды.

Бағдарламаның екінші бөлігі шеңберінде банктер 2020 жылғы желтоқсанда 01.01.2016 жылға дейін берілген валюталық ипотекалық қарыздарды конвертациялауды аяқтады. Бағдарламаның бірінші және екінші бөлігін іске асыру кезеңінде банктер 222,6 млрд теңге сомаға 27 202 валюталық ипотекалық қарызды конвертациялауды жүргізді.

Банктер Бағдарламаның үшінші бөлігі шеңберінде қарыздары бұрын ХӘОТ санаты бойынша Бағдарлама шеңберінде қайта қаржыландырылған ипотекалық қарыз алушыларға қарыз алушының берешегін азайту және жеңілдік берілген төлем кестелерін белгілеу түрінде қосымша көмек көрсету, сондай-ақ банктің балансындағы қарыз алушының жалғыз баспанасын оның меншігіне қайтару бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл жұмыс 2021 жылғы 1 шілдеде аяқталады.

4.4. Қаржылық сауаттылықты арттыру және ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізу

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығымен және қаржы нарығының мүдделі қатысушыларымен бірлесіп Үкіметтің 30.05.2020 жылғы №338 қаулысымен қабылданған Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020 – 2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын (бұдан әрі – Тұжырымдама) іске асыру бойынша іс-шаралар шеңберінде жұмысты жалғастыруда.

Осы іс-шараларды іске асыру шеңберінде жүйелік негізде ақпараттық материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі - БАҚ) жариялау, қаржылық сауаттылық және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және басқа мәселелер бойынша ақпараттық графикалық материалдар, бейнероликтер/әлеуметтік жарнама жасау және жариялау кіретін ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Осы ақпараттық материалдар Агенттіктің: www.finreg.kz, МО ИРБТ және www.fingramota.kz интернет-ресурстарында жарияланады. Қазіргі уақытта маңызды тарату арналарының бірі - әлеуметтік желілер (Facebook Instagram, Telegram, Twitter, ВКонтакте, Одноклассники, YouTube), онда пост жариялаумен қатар тікелей эфирлер мен дәрістер ұйымдастырылады. Бұдан басқа, дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына - баспа және Интернет-БАҚ жарияланымдарға, телевизиялық бейнесюжеттерді шығаруға, оның ішінде аймақтық телеарналарға, ақпараттық хабарламаларды дайындау мен таратуға, БАҚ сұхбат ұйымдастыруға көп көңіл бөлінеді.

2021 жылғы ақпанда халықтың қаржылық біліміне арналған www.fingramota.kz бірыңғай интернет-порталында мемлекеттік және орыс тілдерінде қаржылық сауаттылық жөнінде 34 ақпараттық материал жарияланды, олардың негізінде БАҚ-та 82 материал/ сюжет, оның ішінде өңірлік БАҚ-та 22 жарияланым/сюжет жарияланды.

Facebook, Instagram, Telegram, Twitter, ВКонтакте, Одноклассники, YouTube әлеуметтік желілерінде қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және қаржылық сауаттылық жөнінде жиынтығы 96 мыңнан астам қаралым қамтыған 34 пост жарияланды.

Сайтта орналастырылған қаржылық сауаттылықты арттыру тақырыбы бойынша 20-дан астам ақпараттық графика әзірленді, www.fingramota.kz сайтында мемлекеттік және орыс тілдерінде «Кредиттер», «Қаржы пирамидасы», «Кері байланыс», «Балалардың қаржылық сауаттылығы» және т.б. өзекті тақырыптар бойынша stories әлеуметтік желілеріне арналған 30-дан астам тақырыптық суреттер жасалды.

Есепті кезеңде Агенттіктің өкілдері қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, қаржылық алаяқтық, Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын іске асыру, қаржылық сауаттылықты арттыру тақырыптары бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде БАҚ-та 5 сұхбат/түсіндірме ұйымдастырды.

Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде 2020 жылғы 25 маусымнан бастап «Fingramota Online» мобильді қосымшасы жұмыс істеуде. Ақпанда Агенттікке мобильді қосымша арқылы азаматтардан банктік кредиттер және микроқарыздар бойынша төлемдерді кейінге қалдыруға рұқсат алу, карточкаларды бұғаттан шығару, коллекторлық агенттіктермен өзара іс-қимыл, қаржы алаяқтығы жағдайларын анықтау, қаржылық пирамида және басқа да тақырыптар бойынша 243 астам сұрақ келіп түскен. Сұрақтардың жалпы саны -2,2 мыңнан астам.

2021 жылғы ақпанда жұмыс тобының кездесуі және қаржы нарығының және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен қаржылық инклюзияны арттыру мәселелері бойынша онлайн-конференция өтті. Қаржылық инклюзияны арттыру жоспары және қаржылық қызметтерді ұсыну және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қызмет көрсету бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

2024 жылға дейін Қаржылық сауаттылықты арттыру тұжырымдамасының іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша жұмыс қазіргі заманғы барлық қолжетімді байланыс арналарын пайдалана отырып жалғастырылатын болады.